

Железин ауданы Озерный ауылдық округі Озерное ауылының аумағында карантин белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Железин ауданы Озерный ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 8 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 1 қазанда № 6971 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин ауданы Озерный ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 6 қаңтардағы № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин ауданы Озерный ауылдық округі әкімінің 06.01.2021 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес және Железин ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 1 қазандағы № 1-13/321 ұсынысы негізінде, Озерный ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Железин ауданы Озерный ауылдық округі Озерное ауылының аумағында жоғары патогенді құс тұмауының анықталуына байланысты карантин белгіленсін

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Озерное ауылдық округінің әкімі

К. Абулгазинова